

## *Экологиялық тәрбие*

Бала өмірінің алғашқы жеті жылы – денсаулықтың, ақылой, адамгершілік, еңбек және экологиялық дамудың негіздері қаланатын өте маңызды кезең. Сондықтан балабақшаның алға қойған міндеттері:

- болашақ табиғат жанашыры болатын ұрпақ тәрбиелеу; мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық көзқарастарын кеңейту және жүйелеу; тәжірибелер жасау және алған нәтижеден тұжырым жасауға үйрету; шығармашылықты, қиялдау мен ойлауды дамыту. Баланы мектеп жасына дейінгі кезеңнен өзі өсіп-өнетін ортасын, қоршаған табиғатын бағалай білуге және оларға дұрыс қарауға үйретудің маңызы зор. Ол үшін оқытудың бүкіл үрдісіне экологиялық білім енгізген жөн. Күштемеу, сүйіспеншілік, шындықты білуге талаптану және парасатты мінез-құлық сияқты адамдық қасиеттерді тану үрдісінде балалар адамның табиғат алдындағы жауапкершілігін түсіне біледі. Күштемеу деген табиғатқа жасалып тұрған кез келген әрекетке, мейлі ол ағаш, көбелек, бұтақ болсын - оларға ешбір зиян келтірмеу керек дегенді білдіреді. Балалар тірі дүние атаулының бәрін бағалай білуі тиіс. Табиғатқа деген сүйіспеншілікті тек оның әсемдігіне масаттану және тынығуға жиі бару деп түсінбеу керек. Балалардың өздері де ағаштар отырғызуға, бұлақтардың көзін ашуға, ұя жасауға қатысып, табиғатқа зиян келтіретін тұрмыстық қалдықтардан құтылудың тәсілдері туралы сұрақтарға жауаптар іздейді.

“Ағаштың жемісін жеймін десең, түбіне балта шаппа” деген екен. Жас бала тамылжыған табиғатқа, әсем әуенге, айналадағы әсемдікке қызығады, содан әсерленеді, көркемдікті түсініп, оның мәнін түсінеді, әсемдікті танып, талғауды үйренеді. Мысалы: балаларды гүлдермен таныстыру кезінде олар гүлдердің түрлерімен, пайдасымен тапсырмалар арқылы танысып, хош иісімен далаға берер әсемдігін көреді, сезінеді. Осы сұлулықты бұзғылары келмейді. Оны елестету арқылы парақ бетіне өз қиялдарынан бейнелеп сурет салады. Өлі және тірі табиғат нысандарына деген қызығушылық өте ерте жастан қалыптаса бастайды. Балалар бәрін байқайды: орман алқабындағы еңбекшіл құмырсқалар илеуін, қалың шөптегі кіп-кішкентай өрмекшіні, ағаш басындағы ұяларды, Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғат та оған тәуелді» демекші, барша байлықтың анасы - Жер. Жерді күтіп баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын игеріп ала білу, табиғат пен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда. Туған жеріміздің баға жетпес қазынасын ысырап етпей, еселеп арттыра беру жолында талмай, жалықпай еңбек ету - барлық үлкен-кішінің абыройлы борышы, мүлтіксіз атқаратын міндеті. Табиғат - адам үшін жайлы мекен, барлық игіліктің бастауы. Адамзаттың басты міндеті табиғи қуат көздерін орнымен пайдалану, табиғат әсемдігін сақтау, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру, мейірімділік нұрын шашу екенін ұмытпайық. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие маңызы өте зор.



